

**6D020100 – «Философия» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған
Жусупова Бахыт Жармухамедовнаның
«Әлеуметтік танымның постнеклассикалық парадигмасының
гетерологиялық концепті» аталатын диссертациялық зерттеу
жұмысының**

АҢДАТПАСЫ

Диссертациялық зерттеудің жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста әлеуметтік шындыққа қатысты дәстүрлі когнитивті көзқарасты қайта қарастыру мәселесі және қазіргі заманғы гетерогенді қоғамның талаптарына сай келетін постнеклассикалық әлеуметтік-философиялық дискурстың жаңа релеванттық когнитивті парадигмаларын іздестіру жолдарының мәселелері қарастырылады. Қазіргі кезеңде әлеуметтік философия өзінің дамуының сапалы жаңа кезеңіне көшті және бұл әлеуметтік шындыққа қатысты когнитивті көзқарасты қайта қарастыруды талап ететін отыр.

Әлеуметтік өмірдің метафизикалығын, иделизациялануын, гомогенділігін, әлеуметтік дамудың сызықтық детерминизмін, адамзат өмірінің, адамгершіліктің және өміршеңсіздіктің контурлығын тұрақтандырып, классикалық әлеуметтік философияның рационалды-когнитивті нұсқамасы аталған сұраққа оң жауап беруге мүмкіндік берді. Ретроспективті тұрғыдан философия әрқашан адамды Құдайға, табиғат пен социумға бағыттап, адамнан алыс болды.

Классикалық әлеуметтік философияның классикалық емес және постнеклассикалық әлеуметтік-философиялық дискурсқа өзгеруі (ауысуы) гетерогенді әлеуметтіліктің қазіргі өркениеттік шынайылық жағдайында қарбаластық және өткір белгісіздік сипатына ие болған адамды түсіну үшін жаңа релевантты когнитивті парадигмаларды іздестіру қажеттілігіне байланысты туындады.

Аталған диссертациялық зерттеу жұмысы замануи қоғамның полиқұрылымдық әлеуметтік пролиферация шекарасында өздігінен қалыптасатын және когнитивті онтологиялық кеңістікте белгісіздікті заңдастыратын адамзат болмысының сингулярлығына акцент жасап, постнеклассикалық әлеуметтік-философиялық парадигманың гетерологиялық концептін негіздеуге арналған.

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі. Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі замануи постнеклассикалық жағдайындағы жаңа релеванттық когнитивті әлеуметтік парадигманың қажеттілігімен байланысты. Өркениеттік ілгерілеудің ықпалына байланысты қазіргі заманғы әлеуметтік шындық эксплицитті түрде гетерогендік көрініске ие. Оның басты атрибуттары – айырмашылық (ерекшелік), децентрация, сингулярлықтың көптігі, полиқұрылымдылық, мәдениеттер алуандығы, теңсіздік, диссипативтілік болып саналады. Әртүрлі орталықтардан шығатын қазіргі

заманғы әлеуметтік өмірдің күрделенуі және үдеуі, қоғамдық байланыстар мен қатынастардың көптүрлілігі мен әртүрлілігі және олардың тұрақсыздығы, фрагментальдылығы және контингенттілігі әлеуметтік даму мен танымның белгісіздік принциптерін заңдастырады.

«Белгісіздік» – қазіргі заманның іргелі сипаттамасы және заманауи ғылым мен күнделкті мәдениеттің маңызды сөзі және түсінігі болып саналады. Бірақ, мәселе шындықтың құнсыздануында емес, классикалық әлеуметтік ұстанымдарды жоятын және қазіргі социумның «түбулентті» үрдістерін көрсетуге қаблеті бар жаңа әлеуметтік зерттеу парадигмасын қарастырумен байланысты.

Қазіргі әлеуметтік философияда көптеген өзіндік тұжырымдамалар мен теориялар бар, дегенмен автордың пікірінше, дәл осы гетерологиялық әлеуметтік-философиялық парадигма адам мен қоғамның фрактальды мәнін анықтау мен түсіндіруге қаблетті болып саналады.

Гетерологиялық әлеуметтік парадигма әлеуметтік өмірдің негізі ретіндегі абсолютті трансценденттілік қайнар көзге қатысты әлеуметтілікті қарастырудан бас тартады. Қарастырылып отырған үлгі бойынша акцент теңбе-теңдікке емес, қоғамның негізгі принципі мен атрибуты ретіндегі айырмашылыққа; күрделі, әркелкі ретінде әлеуметтік организмнің өздігінен тірі ұйымдастырылатын үдерістілікке; қоғамның дамуы мен ұйымдастырылуындағы сызықтылыққа күмән тудыру; бірінші орынға реализм мен әлеуметтік байланыстардың көп өлшемділігі шығарылады; когнитивті және онтологиялық кеңістіктегі белгісіздік принципінің заңдастырылуына жасалады.

Қазіргі кезеңде біз радикалдық инновациялардың агрессивті жағдайындағы әлеуметтік әлемнің сапалы жаңа кезеңінде тұрмыз. Танымал футурологтардың (Э.Тоффлер, Х.Нибург, Дж.Тойнби, Г.Маркузе, Л.Мамфорд, А.Печчеи) пікірінше заманауи өркениет пен мәдениет дағдарысты жағдайда тұр және бифуркацияға жақын. Мұның дәлелі дәстүрлі отбасылық институтының дағдарысқа ұшырауы, АҚШ пен еуропадағы бір жынысты некенің заңдастырылуы және католик шіркеуі тарапынан мақұлдануы; суррогатты аналық негізіндегі адам өмірінің құнсыздануы; экстракорпоралдық рәсімдері; трансгуманизм үрдістерінің айналымға енуі, қоғамның капитализациялануы мен технократизациясы салдарынан рухани құндылықтардың айтарлықтай төмендеуі; социумның қылмыстануы, тұтынушылық пен экономикалық эгоизмнің өсуі; сепаратизм, жоғары дарашылдық, утилитаризм және әлеуметтік индифферентизм бола алады. Бүкіл әлемнің берекесін кетірген біздің көз алдымыздағы Covid-2019 індетінің пандемисы адамзаттың болашақтағы қалыптасуы мен дамуын одан әрі қиындатты.

Әлеуметтік болмыс пен танымның алшақтығы салдарынан классикалық қоғамның мызғымастығы бұзылды. Әлеуметтік әрекеттердің иррационализациялануы деңгейінің жоғарлауы оларды болжаудың мүмкін еместігіне алып келеді. Адамзат болмысының экзистенционалдық тұрғыдан шиеленсуі әлеуметтік дамуының белгісіздік мәселесін ушықтырып отыр.

Адамның болмысы, оның өмір сүруі, қоғам мен табиғаттағы жағдайы белгісіз, аяқталмаған сипатқа ие болуда және бұл маргинализацияға ұшыраға ықпал етуде.

Постнеклассикалық әлеуметтік шындықтың турбулентті жағдайы еркіндіктің классикалық диалектикасын және еркіндіктің қажеттілігі мен жауапкершілігін жоюда. Бұл әлемнің бейнесін бұзып, адамды әрекетке деген жетекшілігінен айырып, бағытынан адастырады, тірегінен айырады, псевдо-либералды жобалардағы еркіндіктің мәнін құнсыздандыра отырып, еркіндікті мүмкін емес жағдайға шығарады.

Осылайша, постнеклассикалық әлеуметтік кеңістік басқа әлеуметтілік жағдайында бола тұрып, оны түсіну үшін және әлеуметтік қызметтің тиімді тактикасы мен стратегиясын өңдеу үшін жаңа когнитивті принциптерді талап етеді. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі әлеуметтік философияны гуманитарлық философияға ауыстыру қажеттілігімен айқындалады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазіргі кезеңдегі әлеуметтік философияның когнитивті кеңістігіндегі гетерологиялық концепцияның мәні және оның классикалық концепциялардан сапалы айырмашылығы, негіздемесі әлеуметтанушылар В.С.Швыревтің, В.С.Библердің, М.К.Мамардашвилидің, Э.Ю. Соловьевтің, В.Е.Кемеровтың, В.С.Степиннің, Т.Х.Керимовтың т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Модернизмнен постмодернизмге көшуді білдіретін парадигмалық жылжу жөніндегі мәселелер З.Бауманның, Ф.Джеймисонның, Ж.-Ф. Лиотардың, Ю.Хабермастың, И.Хассанның, В.А.Коневтің, А.С.Панариннің, С.Н.Некрасовтың, С.И.Платонованың, Б.Г.Нуржановтың, Б.Е.Колумбаевтің зерттеу жұмыстарында қарастырылған.

Әлеуметтік гетерологияның әдіснамалық негіздерін, оның принциптері мен ұғымдық зерттеу аппаратын өңдеу үшін Э.Ж.Дерридтің, В.Ильенковтың, М.К.Мамардашвилидің, М.Рыклиннің, Ф.Ницшенің, М.Хайдеггердің, Г.Риккерттің, М.Фуконың зерттеу жұмыстарының маңызы зор.

Гетерологиялық парадигманы тұжырымдамалық тұрғыдан қамтамасыз ету мақсатындағы теориялық мәселелер М.М.Бахтиннің, М.Бланшонның, Ж.Батайдың, М.Бубердің, Ж.Делездің, Ф.Гваттаридің, Ж.Лаканның, Э.Левинастың еңбектерінде қарастырылған.

Мәселені зерттеудегі батыс еуропалық тенденциялар ерекше қызығушылық тудырады. Олардың қатарына Ж.Байтайдың әлеуметтік антропологиясын, В. Флахтың «Чистая гетерология», Ж. Дерридтің «Грамматология», Э.Левинстің «Этика», Ж.Делез және Ф.Гваттаридің «Ризоматика» аталатын еңбектерін жатқызуға болады.

Кванттық механика саласындағы белгісіздік мәселелерін және оның философия мәселесіне деген кескінін талдау көптеген ғылыми-философиялық еңбектерде орын алған. Олардың қатарынан В.Гейзенбергтің, М. Борнның, Д.Бомның, Э.Шредингердің еңбектерін атап көрсетуге болады.

Өзімізге белгілі, И.Пригожиннің Брюссельдік мектебінің синергетикалық ілімі белгісіздікті тұрақсыз әлем үрдістерін және диссипативті жүйелердің даму механизмдерін, бифуркациялық үрдістерді

түсіндіру барысында қолданылған. Элеуметтік синергетика бойынша көптеген еңбектердің арасында И.Пригожиннің, Г.Хакеннің, В.Г.Будановтың, В.И.Аршиновтың, В.Э.Войцеховичтің еңбектері ерекшеленеді.

Белгісіздік мәселесіне философиялық тұрғыдан талдау жасаумен ресейлік ғалымдар А.Д.Курчиков, В.С.Готт, П.И.Визир, Л.Н.Урсул, Н.В.Мануйлов, Б.Н.Пятницын айналысқан. Осымен қатар, белгісіздік мәселесін әлем болмысының объективті сипатымен байланыстыратын еңбектер жарық көріп, аталған мәселенің іргелі тұжырымдамалық негізі қалыптасуда.

Гетерологиялық зерттеулер шеңберінде «басқа элеуметтілік» мәселесін көтерген В.Е. Кемеров пен Т.Х. Керимовтың идеялары қызықты және құрылымды болып табылады. Элеуметтік танымдағы белгілілік пен белгісіздік мәселелері, белгісіздіктің гносеологиялық, онтологиялық және антропологиялық мәртебесінің негіздемесі және элеуметтік білімнің парадигмалық сипатына қатысты В.С.Веселковтың, В.О.Фабердің, С.М.Сучковтың, С.И.Платоновтың диссертациялық зерттеу жұмыстарын атап көрсетуге болады.

Қазіргі заманғы элеуметтік дискурс Р.Барт, Ж.Н.Нанси, С.Жижек, М.Эпштейн, А. Бадью, А.Гидденс, А.Турен, З.Бауманның еңбектерінде қарастырылған. Словендік ойшыл С.Жижек заманауи элеуметтіліктің алшақтық идеясын негіздеп, қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерді пайымдаудың нақты көзқарастарын ұсынған.

Қазіргі элеуметтік эпистемологияның гетерогендік сипатын қарастырған еуропалық ойшылдардың, атап айтқанда М.Арон, Г. Уотс, М. Берtrand, Г.Лоупенс, М.Хьюстон, К.Шмидт, С.Лазар, У.Макки, К.Мейясудің еңбектері дәлелді және негізді блып табылады.

Зерттеудің мақсаты және міндеттері. Қазіргі «турбулентті» кезең жағдайындағы элеуметтік танымның постнеклассикалық парадигмасының гетерологиялық концептіні негіздеу, элеуметтік танымның белгісіздік принципі контекстіндегі элеуметтік гетерологияның эпистемологиялық әлеуетін анықтау.

Алға қойған мақсатқа қол жеткізу үшін диссертация жұмысында келесі **зерттеу міндеттері** шешімін табады:

1. классикалық және классикалық емес элеуметтік парадигманың онтологиялық (метафизикалық) мәнін анықтау мақсатында олардың арақатынасын ашып көрсету;
2. постнеклассикалық парадигманың қалыптасуының алғышарттарын анықтау;
3. элеуметтік танымның белгісіздік принципін негіздеу;
4. элеуметтік танымның белгісіздік принципі контекстінде элеуметтік гетерология тұжырымдамаларына талдауын жасау;
5. қазіргі заманның постмодерндік талдауын негіздеу;
6. қазіргі кезеңдегі танымал элеуметтанушы зерттеушілердің концепциялары мысалында элеуметтілікті концептуализациялау тәсілдеріндегі онтологиялық (гетерологиялық) өзгерістерді көрсету;

7. гетерологиялық кескіндегі болмысқа және оның алғышарттарына сипаттама беру;

8. онтологияның гетерологияға ауысуының қажеттілігін негіздеу;

9. Қазіргі кезеңдегі ғылыми және философиялық дискурстың гетерологиялық горизонтын анықтау.

Диссертациялық зерттеудің объектісіне әлеуметтік танымның постнеклассикалық парадигмасы жатады.

Диссертациялық зерттеудің пәні – әлеуметтік танымның постнеклассикалық парадигмасының гетерологиялық концепті болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми әдіс-тәсілдері. Диссертациялық зерттеу үшін фрактальдық талдау, теориялық шолу, эвристикалық синтез және қазіргі заманғы әлеуметтік үрдістерді зерттеу барысында әлеуметтік синергия мен әлеуметтік гетерология әдістері қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі. Диссертациялық зерттеу жұмысы парадигматикалық гетерологиялық жылжу (қозғалыс) ретінде постнеклассикалық тұжырымдамалық-теориялық принциптер мен тәсілдеріді сыни талдаудан тұрады. Қазіргі кезеңдегі әлеуметтілікті когнитивті кеңістіктегі «гетерологияның» кристалдану жағдайы ретінде және бұрынғы әлеуметтік тәжірибешілер тарапынан қабылданбаған, әлеуметтік шындықтың көптігін түсіндіру үшін эвристикалық құндылыққа ие құбылыс ретінде түсіну негізгі әдіснамалық нұсқама болып саналады. Осыған байланысты, заманауи әлеуметтік-философиялық дискурс – бұл дискурстың сипаты және философиямен шұғылдану стилінің сапалы түрде өзгеруі арқылы қазіргі кезеңдегі әлеуметтік философияның дамуы үшін жағдай тудыратын «әртүрлілік синтезі». Әлеуметтік гетерология – бұл батыстық метафизикалық мәдени дәстүрге сүйенетін онтологиялық фундаментализмді «еңсеру».

Қоғамға деген гетерогендік көзқарас – бұл өзгешелікке деген көзқарас, сингулярлықтың көптігі, әлеуметтік өмірдің оқиғалығы, адамның фрактальдығы болып табылады.

Ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы алаш рет белгісіздік принципін заңдастыратын когнитивті әлеуметтік кеңістіктегі постнеклассикалық зерттеу парадигмасы ретінде әлеуметтік гетерологияның негізделуімен айқындалады. Бұл даму барысында өздігінен ұйымдастырылатын күрделі-жанамалық заманауи үрдістерді зерттеу үшін қажет. Белгісіздік принципі контекстіндегі әлеуметтік гетерология әлеуметтік құрылыстың біріңғай, өздігінен ұйымдастырылатын принципін іздеудегі редуccionистік классикалық негіздемелерді жояды.

Әлеуметтік таным мен әлеуметтік үрдістердегі белгісіздіктің барған сайын өсуінің себептері зерттеледі. Әлеуметтік танымдағы белгісіздік пен шешілмейтіндік принциптерінің классикалық парадигмаларға қайшы келуінің кездейсоқтық емес, заңдылық екендігі де зерттеу жұмысының жаңалығын көрсетеді.

Әлеуметтік гетерологияның байыпты талдамын Т.Х.Керимов жасаған. Дегенмен, аталған мәселе әлеуметтік танымның белгісіздік принципі контекстінде алғаш рет қарастырылып отыр.

Диссертациялық зерттеудің қорғауға ұсынылатын негізгі ережелері:

1. Метафизикалық және трансценденттік нұсқауға ие классикалық және классикалық емес әлеуметтік философия когнитивті үрдістегі абсолютті, сингулярлы негізді іздеумен айналысқандықтан және онтологиялық емес тұрғыдан ойлағандықтан бірдей онто-теологиялық, спекулятивті сипатқа ие болды. Мұндай рационалдықтың классикалық түрінің әдіснамалық алғышарттары метафизика пайда болған кезеңдегі антикалық дәстүрден бастау алады және дәл осы метафизика болмысты қандайда бір тірішілік иесі тұрғысынан ойлады.

2. Постнеклассикалық әлеуметтік парадигма өзіне дейінгі әлеуметтік парадигманың рефлексиясы үрдісінде пайда болды, когнитивті-категориялы аппарат және зерттеу әдіснамасы адамның алатын орны жаңадан көрсетілген заманауи әлеуметтіліктің күрделі шынайылығын көрсетуге қаблетсіздігін табады. Постнеклассикалық әлеуметтік-философиялық парадигма анти-фундаментализм мағынасында емес, ал пост-фундаментализм, негіздеудің прюральдылығы, оның кездейсоқ сипаты, болмыстың көптігі мағынасы жағынан гетерологиялық концепті, негіздеу принципін пайымдағандықтан классикалық және классикалық емес парадигмаға қарама-қарсы.

3. Постнеклассикалық әлеуметтік парадигма болмыстың оқиғалығымен, оның өздігінен құрылуы арқылы континуалдылығымен шартталған әлеуметтік танымның белгісіздік принципін заңдастырады; бұл әлеуметтік болмыстың тұрақтылық негіздемесінен бас тартумен және оның тірі үдерістілігіне өтумен байланысты әлеуметтік-философиялық дискурстағы радикалды когнитивті инверсия болып табылады. Әлеуметтілік – бұл барлықтарының арасында бөліске салу емес, ал оқиғалар арасында бөліске салынған ортақ болмыс. Классикалық философияға тән «әлем бейнесі» түсінігі декорациялардың ауысуының тірі үрдісі ретінде «әлем фильмі» түсінігімен ауыстрылады.

4. Әлеуметтік гетерология – бұл басқа әлеуметтілік жағдайда бола алатын және турбулентті қазіргі заманның талаптарына сәйкес келетін постнеклассикалық әлеуметтік парадигманың репрезентативті концепцияларның бірі. Әлеуметтік гетерологияның негізгі алгоритмі адамдардың сингулярлы іс-қимылдарын және бірмағыналық пен бір буындылықты болғызбайтын адамзат қызметінің әрқелкі ерекшелігін талдау арқылы әлеуметтік өмірдің ішінен басталады. Басқа әлеуметтілік теңбе-теңдіктен бас тарта отырып әрқелкі, дискреттік және көптік әлеуметтілікке сүйенеді. Екінші бір әлеуметтілік гетерогенді қоғамды негіздейді. Гетерология адамды түсіну үшін когнитивті және тәжірибелік жағынан қызығушылық танытып, әлеуметтік философияның гуманитарлық философияға ауысуын жүзеге асырып, метафизикадан басым түседі.

5. Қазіргі әлеуметтік-философиялық және ғылыми дискурс субстантивистиканы – әлемнің эссенциальдық бейнесін жойып, гетерологиялық ауысудың когерентті жағдайында болады. Философия мен ғылым өзіндік табиғатын когерентті түрде гомогендіктен гетерогендікке ауыстыра отырып, жаңа арақатынасты құрады. Философия ғылым философиясынан және картезиандық метафизикасынан алшақтайды. Ендігі кезекте ол (философия) ғылыми тәжірибені тұрақтандырмайды және оны түсіндірумен айналыспайды. Философия ақиқаттағы емес негіздеудің, трансценденттіліктің және трансцендентальдылықтың өмір сүрмейтіндігін мәлімдейді. Барлығы имманентті ақиқатта және ақиқатты айыру арқылы, гетерогенді түрде орын алады.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңызы зерттеу жұмысында шарасыз атрибуты белгісіздік болып табылатын гетерогенді, орталыққа дәлденбеген және полиқұрлымды заманауи әлеуметтік шынайылықтың тірі үдерістілігін түсіну үшін әлеуметтік танымның постнеклассикалық парадигмасының гетерологиялық концептің қажеттілігінің негізделуімен айқындалады.

Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік аспекті әлеуметтік таным мен дамудағы белгісіздікті айқындаумен және өткір әлеуметтік шиеленістер мен қауіпті әлеуметтік катаклизмдердің алдын алу және оларды болжау барысында гетерологиялық когнитивті әдіснаманы қолданумен анықталады.

Диссертацияның нәтижелерін қолданудың маңыздылығы. Диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері, ережелері мен қорытындылары мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың, саяси құрылымдардың тәжірибелік қызметінде концептуалдық тұрғыдан қамтылу үшін қолданылуы мүмкін. Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері және қорытындылары әлеуметтік-гуманитарлық циклға кіретін курстарды оқыту барысында оқу үрдісінде қолдануы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 16 ғылыми басылымдарда жарияланды, соның ішінде 1 мақала Scopus базасына кіретін ғылыми басылымда, 4 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетінің тізіміне кіретін басылымдарда, 4 мақала халықаралық ғылыми конференциялардың жинағында, 3 мақала «Қарағанды университетінің хабаршысында», 1 мақала Бүкілресейлік ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында (Омск қ.), 1 мақала Республикалық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында (Алматы қ.), 2 мақала «Гуманитарлық ғылымдар. Мәдениет. Өркениет. Постмодерн» деп аталатын жинақта (Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ) жарияланды.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы зерттеудің міндеттеріне және осы міндеттерді шешудің логикасына сәйкес келеді. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, әрбір тарау үш тараушадан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.